

**«ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№ 39 «ҚЫЗЫЛӨЗЕК» ОРТА МЕКТЕБІ» КММ**

Б Ұ Й Р Ы Қ № 86

Қызылорда қаласы

« 02 » 05 2023 жыл

**«2022-2023 оқу жылын аяқтау және
орта білім беру ұйымдарының
білім алушыларын қорытынды
аттестаттаудан өткізу туралы»**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабының 14) тармақшасына сәйкес, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 10 сәуірдегі №88 бұйрығына және Қызылорда қаласы білім бөлімінің 2023 жылғы 25 сәуірдегі №80 н/қ бұйрығына сүйене отырып 2022-2023 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында
БҰЙЫРАМЫН:

1. №39 «Қызылөзек» орта мектебіндегі оқу жылы 2023 жылғы 31 мамырына аяқталсын.

1) 9 (10) – сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2023 жылғы 2 – 13 маусым аралығында;

2) 11 (12) – сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары – 2023 жылғы 5 – 19 маусым аралығында;

2. Қорытынды аттестаттау өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10) сынып білім алушылары үшін:

1) Қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер үшін жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2023 жылғы 2 маусым;

2) Математика (алгебрадан) жазбаша емтихан (бақылау жұмысы) – 2023 жылғы 6 маусым;

3) Қазақ тілінде оқытатын сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмаларды орындау) – 2023 жылғы 9 маусым;

4) Таңдау пәні (Физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шет тілі, информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 13 маусым;

3. 11 (12) сынып білім алушылары үшін:

1) Қазақ/орыс тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 5 маусым;

2) Алгебра және анализ бастамалары пәнінен жазбаша емтихан – 2023 жылғы 8 маусым;

3) Қазақстан тарихынан ауызша емтихан – 2023 жылғы 12 маусым;

4) Қазақ тілінде оқытатын мектептерде орыс тілінен жазбаша емтихан – 2023 жылғы 15 маусым;

5) Таңдау пәні (Физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет, шет тілі, информатика) бойынша жазбаша емтихан – 2023 жылғы 19 маусым;

4. «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде №5191 болып тіркелген) талаптарына сәйкес 2022-2023 оқу жылын аяқтауды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



Ж.Байжанов